



Егемен Қазақстан



| ЗАМАНА ЗАПЫРАНЫ

Меңғали Мейірманов, құрбым сізге...



Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН,
тарих ғылымдарының кандидаты

Алаштың ардагер ақыны Таңжарық Жолдыұлының өмірі мен шығармаларының атамекендегі қазақ жұртына кеңінен таныла бастағаны тәуелсіздіктің ширек ғасырымен тұспа-тұс келді.

1974 жылы жазушы Бұхара Тышқанбаев құрастырған екі баспа табактық «Арман-тау» жинағынан Таңжарықтың ақындық өресі айқындалды деп айта алмасак та, жыр сүйер қауым назарына іліге бастағаны анық болатын. Ал ақынның 100 жылдық мерейтойына орай, таңжарықтанудың негізін қалаған жазушы Оразанбай Егеубаевтың құрастыруымен «Елорда» баспасынан 2001-2002 жылдары жарық көрген қос томдық шығармаларының «Толық жинағы» деп аталыпты. Сол тұста Оразанбай ағаға «Толық жинағы» деп жазбай-ақ қоя түру керек пе еді, өйткені ел ішінен әлі де талай өлең-жырлары табылуы мүмкін еді ғой. Мәселен, мен 1975 жылы Талдықорғанда тұратын Меңғали деген қариядан жазып алған арнау өлеңі бар. Бірақ сол өлең жазылған дәптерімді таппай дінкем құрып жүр. Сол арнау өлеңінің жазылуы да, менің ол өлеңді қандай жағдайда, қалай жазып алғаным да назар аударуға тұрарлық тағдырлы тарихқа ие болатын.

1975 жылдың тамыз айының соңғы күндерінің бірі. Ол кезде мен Шымкент қаласындағы М.О. Әуезов атындағы педагогикалық институтының 3-курс студенті едім. Жазғы демалысты Көкшетау облысының Уәлиханов ауданында қойшы болып істейтін досым Балқаш Аятаевпен бірге өткізуге уәделесіп, Алматыда бас қосқанбыз. Екеуміз де СССР азаматтығында жоқпыз «Лицо безгражданиства» (Азаматтығы жоқ тұлға) дейтін куәлік бойынша паспорттық режиммен тұрғылықты орынан өз бетінше басқа жаққа кетуге құқы жоқ саяси сенімсіздер қатарындағы адамбыз. Біз ол тәртіпті бұздық, Алматыда көп аялдамай, Талдықорғанның Андреев (қазіргі Қабанбай ауданы) ауданының Көктұма (Дзержинский) дейтін ауылында тұратын Меңғали Мейірманов ақсақалға жолығу үшін арнайы жолға шыққанбыз. Балқаш 1969 жылы Қытайдан алғаш келгенде аталған аудан орталығында шоферлық курста оқып жүріп, Меңғали ақсақалдың қүйеу баласы Төлеухан деген жігітпен жақын араласып, Мекеннің үйінде болып ескілікті әңгімеге, әсіресе, 1942-1944 жылдары Үрімжі түрмесінде өйгілі ақын Таңжарықпен бірге жатып, Таңжарық шығармаларын жатқа айтатынын естігендіктен, мен сол адаммен жолығуға ынтылау болдым. Аңқылдақ досым Балқаш Төлеухан деген досы барын, сол ауылда сақшы болып істейтінін, шектелген шекара аумағында жүріп-тұруымызға көмектесетінін айтып, мені желіктіре түсті.

Сонымен, тәуекелге бел байлап, шектелген шекараның ешбір рұқсат қағазсыз-ақ тартып отырдық. Меңғали ақсақалдың үйіне ешбір кедергісіз, көше көлігімен жетіп алдық. Сондағы Меңғали ақсақалдың қуанғанын, қалбалақтап жүріп бір қойға бата сұрап, қазан көтергенін көріп қатты риза болғанымыз күні бүгінгідей көз алдымызда. Қария менің Таңжарық туып-өскен Күнес ауданынан екенімді, онда да өйгілі Шылыбы Әлімаұханның немересі екенімді білгеннен кейін тіпті елжіреп, ағыл-тегіл әңгімеге басты.

Біз сол ауылда бірнеше күн боламыз ғой деп жоспарлағанбыз. Солай болса да өзімді қызықтырған Үрімжі түрмесіндегі Таңжарықпен болған қарым-қатынасына байланысты әңгімеге тарта бердім.

– Төлеухан да ет піскенше келіп қалар, асықпай әңгімелесеміз ғой.

– Таңжарық туралы неше сағат, неше күн айтсақ та таусылмайтын қызық та азапты тозақ өмір естеліктері ұшан-теңіз ғой. Шіркін, Таңжарықтай жігерлі, қайсар, рухы асқақ жігіттің сұлтанын кезіктіре қойған жоқпын. Қандай азапты тергеулер мен адам төзгісіз ауыр жұмыстардан қалжырап жүрсе де, жарқылдап әзіл-қалжың айтып, жігіттерді жігерлендіретін бір қақпайлармен қағыпталатып, сергітіп тастаушы еді. Әлі есімде, түрмеден Үрімжінің шығыс бетіндегі тауға тас шаққызуға айдап апарғанда:

– Тауда туып, таста өскендіктен бе екен, осы жаққа келген сайын тауға қарай қашқым келеді де тұрады. Менімен бірге қашқысы келетін, шешесі қалжа жеген бір еркек табылар ма екен деп, жолдастарына ақсия күліп қарағаны есімде.

Бірде жұмбақ айтып, шешуін таба алмасак өзі айтып беретін. Соның бірі мынадай жұмбақ еді.

Екі аққу көл бетінде бала шайқап,
Ұясын бірі кетсе, бірі байқап.
Өргізіп балапанын салқын кешпен,
Бір кезде шыға келер көлге жайқап.

Шешуін біз таба алмағанда «Ой, қайран жүйріктер-ай, әбден болдырып арбаның мәстегіне айналып барасындар-ау, шешуі оп-онай нәрсе ғой, Ай мен Күн емес пе?!» деп күлді.

Мейірман ақсақалдың өзіне арнап жазған өлеңі бар дегенді Балқаштан естіген едім. Ол сұрағымда да қария кідірмей жауап беріп, жоғарыдағы өлең жолдарын төгілте айтып отырды. Мен төте жазумен төтелетін қағазға түсіріп отырдым. Үлгерсе алмай қалған кейбір жолдарды сонынан қайталап сұрап жазамын ғой деген сенімде едім. Өлең аяқтала бергенде

Балқаш асыға күткен Төлеухан досы үш аяқты мотоциклмен екпіндей келіп тоқтады. Балқаш аңқылдап алдынан шығып құшағын жая ұмтылып еді, сақшы форматында серейген Төлеухан сұстана қарап суық амандасты да, бірден жұмысына кірісті де кетті.

– Иә, бұл не жүріс, рұқсат қағаздарың бар ма? Мынау шекара районуға «Лицо безгражданиствалар» түгілі совет азаматтарының өзі арнайы рұқсатпен ғана келе алады. Қане, нелерің бар, көрсетіндер, – деді.

– Қарағым-ау, келгендері жаңа ғана ғой, танымай қалдың ба, мынау өзіңнің Балқаш досың, ал анау соның досы, менің Таңжарықымның жерлесі әрі жиені екен. Жігіттерді мазалама, қашып-пысып жүрген ешкім жоқ. Бұлар менің құдайы қонақтарым, арнап сойған адал малымның сорпасын ішіп, басын мүжіген соң-ақ айтар заңынды айта жатарсың. Балам, ұят болады. Дастарқанның шырқын бұзба, жуынып келіп бірге отыр, – деген атасының аталы сөзін екен дейтін сақшы болмады. Балқаш та қылжақ әңгімемен «досының» бетін қайтарғысы келгеннен де ештеңе шықпады.

– Мен ойлап жүргенім жоқ, дружба есть дружба, служба есть служба, дабай мотога отырғандар. Ата, менің жұмысыма араласпаңыз. Бұлар үшін жеп жүрген нанымнан айрыла алмаймын, – деп дігірледі. Сондағы Меңғали ақсақалдың ыза мен ұяттан қысылған жан азабын көрудің өзі бір қиямет-қайым талқысындай болғаны әлі есімде.

Мекең шынымен жан азабында екі оттың ортасында шыр-пыр болып, біресе мына бітеу, дүлей қүйеу баласына бір, қазан-ошақ басындағы кемпіріне бір құрақ ұша жүгіріп, әбден торыққан болар: «Әй, бәйбіше, сорпасы пісіп қалған шығар, бір-бір шыны сорпа ақел, арнап сойған малдың сорпасынан болса да ауыз тисің! Ой, сұмдық-ай, қытай мен орыстың талай құқайын көріп едім. Мынадай жауыздықты өз баламнан, өз ұрпағымнан көремін деп ойлаппын ба? Әй, лағнет, едіредіңдей аулақ кет. Мына дәмнен ауыз тимей балаларым ешқайда бармайды. «Қорлықтың ең жаманы өз қорлық» деген осы болар. Ренжімеңдер, ауданға барып начандігінен рұқсат алып қайтып келерсіңдер, бәлкім...», деп кейді.

72 жасқа келген қадірменді Меңғали ақсақалдың бурыл сақалынан тарам-тарам жас аққанын көру қандай ұша еді. Сорпа емес, зәр ішкендей болып, әңгімеге қанбаған өкінішті арқалап аудан орталығындағы сақшы мекемесіне келдік, түсініктеме жаздық, әкіренбайлардың айғайын естідік. Ақыры, алды-артымызға қаратпай Талдықорғанға баратын автобусқа отырғызып: «Алматыға, одан әрі тұрғылықты жердегі паспорт үстеліне барып өздеріңді мәлімдейсіңдер, ұқтынған ма, ей, бұзақылар!» деп соңғы сөзін орысша былайтып естіді Балқаштың досы Төлеухан.

Балқаш марқұм (2000 жылы ауыр науқастан Алматыда қайтыс болды) екеуміз Талдықорған мен Алматыда бірнеше күн бірге болып, жай-жайымызға кеттік. Институттағы оқу уақыты да болып қалған.

Оқудың алғашқы аптасында аудандық милицияның паспорт үстелінен, майор Қошлақова дегеннен маған шақыру келді. Жер-жебіріме жете құрып, быланыптап, институт ректорына қатынас қағаз жіберіп, оқудан қуғызамын деп үстелді ұрғылады. «Дереу поштаға барып 10 рубль айыппұл төлеген түбіртектегі әкеліп көрсетесің, әкелмесең өз обалың өзіңе, оқудан қуыласың», деп есіктен айдап салды.

Әрине, Қошлақованың айтқаны орындалды. Айыппұл түбіртегің апарып көрсетіп, «уһ» деп тынышталдым.

Ол жылдардағы менің қоғамдағы орным, бас бостандығым, азаматтық бет-бейнемнің хауалы осыншалық болатын. «Лицо безгражданиства» бойынша мен өз еркімен тұрғылықты мекенінен басқа жаққа баруға, қоныс аударуға, сайлау, сайлануға, саяси ұйымдарға (комсомол, партия) қатынасуға құқылы емес едім.

Кеңес азаматтығын 17 жылдан кейін, 1986 жылдың қыркүйегінде әрең алдым. 1989 жылы Алматыға қоныс аударып, адам қатарына қосылғандай болдым. Өткен-ай, шежіре карт Меңғалимен бір кеш сұхбаттас болғанда, қанша естелік алып қалар едім-ау. Ұрда-жық кеңес сақшысы, бөгде түгіл өз екісін сыйламайтын көркөкірек Төлеухандар ол заманда да, бүгінгі күнде де қаншама әділетсіздіктерге себепші болып жүргенін өкінішпен еске алғаннан басқа ештеңе қалмады-ау!

Қалірі жыр сүйер қауым, назарларыңызға сүйіншілей ұсынған осы арнау өлең ақын Таңжарық поэзиясының да дүр жауһарлары қатарына қосыла қоймаса да, оның өзіндік тағдыры мен азаматтық ұстанымдарының тәрбиелік һәм тағлымдық орны ерекше екенін баса атап көрсеткіміз келеді.

Назарларыңызға ұсынылып отырған өлең осыдан 73 жыл бұрын Үрімжі түрмесінде бірге жатқан Меңғали Мейірманов деген жолдасының абақтыдан босап, еліне қайтар тұсында, 1944 жылы жазылған екен. Аты «Меңғали Мейірмановқа арнау өлең» деп аталады. Тас босаға, тар үйде үш жыл бірге жатқанда әбден сырғалы, қимас дос болғаны өлең жолдарынан айқын байқалады.

Мен жазып алған 20 шумақ өлеңнің толық емес нұсқасы төмендегідей. Ал оны неге толық емес дегеніме кейінірек анықтама беремін.

Меңғали Мейірманов, құрбым сізге,
Қаламды арнап әтей бұрдым сізге.
Неде болса тілдесіп қалайын деп,
Кең жайып құлашымды созым сізге.

Толқыны уақыттың кетті бөліп,
Бар еді айтар сөзім нұрғын (көп – Ә.Д.) сізге.
Көп жапа көрсетті деп ренжіме,
Бұл жақта қалмақ, қытай тұрғын сізге.
Кедергісі кездесіп, кесел* болды,
42-43 жылдың сізге.

Көрерсің тірі шықсаң көп тамаша,
Алдыңда әлі қызық ырғын сізге.
Аз болса да орнықты мекен ізде,
Пайдасы аз бытыранды Шілдің сізге.
Ойдан орын болмаса ойлас оны,
Таса жері табылар қырдың сізге.
Шуда, түбіт түскен соң тән мұздайды,
Жылылығы болмайды қылдың сізге.

Тәрбиелеп, оқытып, таза өсірсен,
Тиеді көп пайдасы – ұлдың сізге.

Тағы да таза жардың қадірін біл,
Серігін екі әлемнің тындым сізге.
Женге, келін, ұл-қыздың бәрін сыйла,
Деп әтей тапсырады «Жынды» сізге.

Сәлем де, менен барсаң шешемізге,
Білер, балаң пәленше десеңізге.
Құдай-ау, осылардың алдында ал деп,
Шіркін-ай, айтып еді-ау, неше бізге.

Еншалла, ата-ананың құрметінде,
Дұспанға кете қоймас есеңізге.
Солардың батасында қор болмайсың,
Битін сығып, сіркесін жесеңіз де.

Сәлем де менен барсаң үй-ішіне,
Рахмет ұлтыңды сүйсіңе.
Ұлтың біліп билігін берсе саған,
Олар үшін көз салып, сүйсіңе.

Ер жігіт, қасқыр-қабылан бәрі бірдей,
Аңдып, атып же таудан құланыңды.
Ашығып аш бөрідей дүние кезсен,
Артыңнан ертіп серік бұланыңды.

Тобылғы сап қамшыдан қатері бар,
Белге ұрып өлтіресің жыланыңды.
Басыңа келген іске тәуекел қыл,
Келтірмей күнде қорқып жылғыңды,
Жолға жақын отырсаң жолаушыға,
Азық болып жетізерсің лағыңды.

Меңғали, ойлап қара жазған хатты,
Байқайтұғын жігітсің сыр-сымбатты.
Адамы бұл заманның бір күні үшін,
Халықты қан ағызып пұлға сатты.

Ойлап-ойлап сөзімді сал мыңа,
Бәрін татқан жігітсің ашы-тәтті.
Ұмытып осы орынды кетіп жүрме,
Босанып болған күні көңіл шатты.

Жақынды – алыс, алысты – жуық көрмей,
Жөні келсе, шын сыйла алыс-жатты.
Өз міндетін өзгеге құл қып беріп,
Сөйтіп біздің бауырды Тәңір атты.

Атаң хажы жұрт бағып, таққа мініп,
Асты қылған аштарды, жаяуды атты.
Сен де еліңе қорған бол, жол көрсетіп,
Асылдың сынығысың, шын қымбатты.

Тапсырман – тастаманыз атаң салтын,
Атаның өзі гауһар, атағы алтын.
Сол тұлпардан туылған тобышақсың,
Сезімің бар, сезерсің істің артын.

Қалай соқсаң қолыңда жиырма бір,
Ниетіңнен – бұзбасаң ойын парқын.
Ақыл, сабыр, шын жүрек, шын жолдасың,
Өркөкірек, өзімшіл істен тартын.

Қош енді көріспесек, көріскенше,
Жольғып қолдың ұшың беріскенше,
Үдірейіп кететін сен емессің,
Жігіттің сырын алып сеніскенше.

Сыйыспай үш тақтайға жатушы едік,
Талай бар енді ондай өбіскенше.
Ханымдардың қасында қалжыңдасып,
Не заман – сондай болып көріскенше.

Төл едің бір жыл туған заманың бір,
Ұмытыспай жүрелік өліскенше.
Қаламды қыр соңымнан деп ойлама,
Қош енді, көзге шыққан теріскенше.

Арнау өлеңнің мәтінінде қателіктер мен шала түскен жолдар бар екені байқалады. Өлең апай-топай дерлік асығыс жазып алынды. Қайрылып нақтылай түсуге, жазылмай қалған жолдарды толықтыруға мұрша болмады.

Осы арада сол бір шарасыздықтың мән-жайын тарата айтып кетпесем, онсыз да қысқа ғұмырын қудалаумен абақты қапасында қусалықпен өткізген шерлі ақыннан қалған асыл мұраға жауапкершілік пен ұқыптылық көрсетпегендей болып қалатын сияқтымыз.

Ойлап қараған адамға, ертеңгі күні не болары белгісіз бір мәзлұм тұтқынның алас-күлесте шығарған шағын арнауында осыншама азаматтық өрлік пен айнымас ұстанымдары атоылап тұрғаны таң қалдырмай қоймайды. Меңғали ақсақалдан жазып алған осы шағын арнау өлеңді Таңжарық ақынның Шыңжаңда және Қазақстанда жарияланған көп томдықтары мен таңдамалыларынан кезіктіре алмағандықтан, осындай аздаған анықтамамен баспасөз арқылы туған халқымен қауыштыруды жөн көрдім.

– *42-43 жылдың кеселі дегені, 1942 жылдың қарсаңында неміс армиясы Мәскеу түбіне жақындағанда 7-8 жыл Кеңес өкіметімен достықты дәріптеп келген Шыңжаң өлкесінің дара билеушісі Шың Шисай мәлімдеме жариялап, Кеңес өкіметімен болған барлық байланысты тоқтатып, шекараны тарс жатты да жаппай тұтқындау, ату-шабуға кірісті. Меңғали да сол зобалаң тұсында тұтқындалып, Таңжарық жатқан Үрімжі түрмесіне апарылғанын мензеп тұр.